

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№3(132)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф., Баку мемлекеттік университеті, Баку, Әзірбайжан
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф., Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясы, Бішкек, Қырғызстан
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бахтикиреева Улдана	ф.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф., Яссы мемлекеттік университеті, Яссы, Румыния
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жан Динжиң	PhD, проф., Миньцзу университеті, Пекин, Қытай
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф., Хаджи Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф., Ә. Науаи атындағы Ташкент өзбек тілі және әдебиеті мемлекеттік университеті, Ташкент, Өзбекстан
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф., Тіл және халықаралық білім бойынша бірлескен ұлттық комитеті, Вашингтон, АҚШ
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф., Уфа федералды зерттеу орталығы, Уфа, Башқұртстан, РФ
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф., Лингводидактика жоғары мектебі, Санкт-Петербург, Ресей
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Экиджи Метин	PhD, проф., Эгей университеті, Измир, Түркия
Янковски Хенрих	PhD, проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ. Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Журнал менеджері: Базылхан Г.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 9 дана. Басуға 09.09.2020 ж. қол қойылды.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief Dikhan Kamzabekuly

Doctor of philology, academician of NAS RK, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief Zharkynbekova Sholpan

Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof., Baku State University, Baku, Azerbaidzhan
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof., National Academy of science of KR, Bishkek, KR
Aimukhambet Zhanat	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof., RUDN University, Moscow, Russia
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof., University UAIC, Iasi, Romania
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. Higher school of linguodidactics and translation, Saint Petersburg, Russia
Erzhiasun Güljanat	PhD, Prof., Hasi Bayram Veli University, Ankara, Turkey
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Henryk Jankowski	PhD, Prof., Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof., UFRK RAS, Ufa, Bashkortostan, RF
Metin Ekiji	PhD, Prof., Ege University, Izmir, Turkey
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof., University of Bonn, Bonn, Germany
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof., Tashkent State University of Uzbek language and literature, Tashkent, Uzbekistan
Rivers William Patrick	PhD, Prof., Joint national Committee on languages and international education, Washington, USA
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, as. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Turysbek Rakymzhan	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Zhang Dingjing	PhD, Prof., Minzu University of China, Beijing, China
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Managing Editor: Bazylkhan G.

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 9 copies. Signed in print: 09.09.2020

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф., Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф., Национальная академия наук КР, Бишкек, Киргизия
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. Российский университет дружбы народов, Москва, Россия
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. Ясский государственный университет, Яссы, Румыния
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Жан Динжин	PhD, проф., Китайский университет Миньцзу, Пекин, Китай
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. Университет Хаджи-Байрам Вели, Анкара, Турция
Каскабасов Сеит	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Негимов Серик	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Райхл Карл	д.ф.н., проф., Боннский университет, Бонн, Германия
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени А. Навои, Ташкент, Узбекистан
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф., Совместный Национальный комитет по языкам и международному образованию, Вашингтон, США
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Тажibaева Сауле	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Турьбек Рахимжан	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф., УФИЦ РАН, Уфа, Башкортостан, РФ
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф., Высшая школа лингводидактики и перевода, Санкт-Петербург, РФ
Шарип Амантай	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцента, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Экиджи Метин	PhD, проф., Эгейский университет, Измир, Турция
Янковский Хенрих	PhD, проф., Университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Менеджер журнала: Базылхан Г.

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018 г.
Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 9 экземпляров. Подписано в печать 09.09.2020 г.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн. 31-413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О.</i> Ұлттық дүниетанымдағы бөрілік рух сабақтастығы.....	8-17
<i>Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е.</i> Ахмет Байтұрсынұлы ғұмырнамасындағы Орынбор кезеңі: кейбір беймәлім мәліметтер мен деректер (ғылыми-танымдық экспедиция материалдары бойынша)	18-27
<i>Исламбаева З.У.</i> 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің драматургияда бейнеленуі	28-35
<i>Құрманғали Г.Қ.</i> Құранның ортағасырлық әдеби жәдігерлерге ықпалы	36-43
<i>Рахмонов Н.</i> Ежелгі Орталық Азия халықтарындағы рухани үдеріс тамырлары.....	44-50
<i>Шәріп А.</i> Қазақ поэзиясындағы Сарыарқа бейнесінің идеялық-көркемдік эволюциясы мен трансформациясы	51-59

Лингвистика және әдістеме

<i>Ашинова К.А.</i> Қысқарған және біріккен дипломатиялық терминдер	60-65
<i>Балтабаева Ж.Қ., Бияздықова Ә.Ә.</i> М. Жұмабаев шығармаларындағы «бақыт» базалық концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісін айқындайтын тілдік бірліктер	66-74
<i>Ескеева М., Алашбаева Ж.</i> Орта ғасыр түркі мақал-мәтелдеріндегі адами қасиеттер көрінісі: салыстырмалы-тарихи талдау	75-85
<i>Құрманбайұлы Ш., Әділов М.Е.</i> Абай тіліндегі көнерген сөздер.....	86-97
<i>Құсайынова Ж.</i> Транспозицияланған құрылымдардың контекстік-модалдік қызметі	98-103
<i>Личман Е.Ю., Черняева И.В.</i> Қазақстан және Ресей әдебиетшілері, суретшілері шығармашылығында «жол/сапар» сарынының түсіндірілуі	104-122
<i>Орманова А.Б., Анафинова М.Л.</i> Ассоциативті эксперимент шеңберіндегі тілдік интерференция.....	123-132
<i>Садирова К., Әбдірова Ш.</i> Идеологиялық дискурс және ықпалдастық мәселесі.....	133-141

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Abduova B.S., Assanova U.O.</i> Legacy of the Wolf Spirit in the National Worldview	8-17
<i>Absadyk A.A., Kabuldinov Z.E.</i> Orenburg Period in Akhmet Baitursynuly's Biography: Some Unknown Archival Sources (based on materials of scientific and educational expedition).....	18-27
<i>Islambayeva Z.U.</i> Representation of the 1916 National Liberation Movement in Drama.....	28-35
<i>Kurmangali G.K.</i> Influence of the Koran on Middle Ages Literary Monuments	36-43
<i>Rakhmonov N.</i> Sources of Spiritual Processes Among Ancient Peoples of Central Asia	44-50
<i>Sharip A.</i> Ideological and Literary Evolution and Transformation of Saryarka image in the Kazakh Poetry	51-59

Linguistics and methodics

<i>Ashinova K.A.</i> Abbreviated and Combined Diplomatic Terms.....	60-65
<i>Baltabaeva Zh.K., Biyazydykova A.A.</i> Linguistic Units Determining the Semantic-Informational Field of the Basic Concept "Happiness" in M. Zhumabayev's Works.....	66-74
<i>Eskeyeva M., Alashbayeva Zh.</i> Representation of Human Qualities in Proverbs and Sayings of Turks of the Middle Ages: Comparative and Historical Analysis	75-85
<i>Kurmanbaiuly Sh., Adilov M.</i> Archaisms in Abay's Writing	86-97
<i>Kussaiynova Zh.</i> Context-Modal Functioning of Transposition Structures	98-103
<i>Lichman E.Yu., Chernyaeva I.V.</i> Interpretation of the «Path/Road» Motive in Works of Writers and Artists of Kazakhstan and Russia.....	104-122
<i>Ormanova A.B., Anafinova M.L.</i> Linguistic Interference in Terms of Associate Experiment	123-132
<i>Sadirova K., Abdirova Sh.</i> Ideological Discourse and Integration Issue	133-141

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Абдуова Б.С., Асанова У.О.</i> Преемственность волчьего духа в национальном мировоззрении	8-17
<i>Абсадык А.А., Кабульдинов З.Е.</i> Оренбургский период в биографии Ахмета Байтурсынулы: некоторые неизвестные архивные источники (по материалам научно-познавательной экспедиции).....	18-27
<i>Исламбаева З.У.</i> Отражение национально-освободительного восстания 1916 года в драматургии.....	28-35
<i>Қурманғали Г.К.</i> Влияние Корана на литературные памятники средневековья	36-43
<i>Рахмонов Н.</i> Источники духовных процессов среди древних народов Центральной Азии.....	44-50
<i>Шарип А.</i> Идеино-художественная эволюция и трансформация образа Сарыарки в казахской поэзии.....	51-59

Лингвистика и методика

<i>Ашинова К.А.</i> Сокращенные и комбинированные дипломатические термины....	60-65
<i>Балтабаева Ж.К., Бияздыкова А.А.</i> Лингвистические единицы, определяющие семантико-информационное поле базового концепта «счастье» в произведениях М. Жумабаева	66-74
<i>Ескеева М., Алашбаева Ж.</i> Репрезентация человеческих качеств в пословицах и поговорках тюрков средневековья: сравнительно-исторический анализ.....	75-85
<i>Қурманбайұлы Ш., Адилов М.Е.</i> Архаизмы в языке Абая.....	86-97
<i>Кусаинова Ж.</i> Контекстно-модальное функционирование транспозиционных структур	98-103
<i>Личман Е.Ю., Черняева И.В.</i> Интерпретация мотива «путь/дорога» в творчестве литераторов, живописцев Казахстана и России	104-122
<i>Орманова А.Б., Анафинова М.Л.</i> Языковая интерференция в рамках ассоциированного эксперимента.....	123-132
<i>Садирова К., Абдирова Ш.</i> Идеологический дискурс и проблема интеграции	133-141

ХҒТАР 16.21.47

Ш. Құрманбайұлы¹, М.Е. Әділов²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан,

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Немат Келімбетов атындағы
Түркітану орталығы, Алматы, Қазақстан

(E-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com; marlenadilov88@gmail.com)

Абай тіліндегі көнерген сөздер

Аңдатпа. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркес, мақал-мәтел, қос сөздер құрамында және диалектілер, ауыз әдебиеті үлгілері мен жекелеген көркем әдеби шығармаларда сақталып, қазақ тілінде жеке-дара қолданыла бермейтін мағынасы түсініксіз сөздер баршылық. Ұлы ақын Абай шығармаларында да ескіліктер көптеп кездеседі. Мақалада Абай өлеңдері мен қара сөздерінде кездесетін көмескі сөздер мен көнеліктерге талдаулар жасалып, мағынасына нақты түсініктемелер берілген.

Абай тіліндегі көнерген сөздердің түп-төркінін, мағынасын түсіне білу үшін тарихы-салыстырмалы әдіс арқылы қазіргі түркі тілдері және көне түркі ескерткіштері материалдарына жүгіну керектігі белгілі. Мақалада ақын шығармаларындағы ескіліктер тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде түркі лексикасымен салыстырып көрсетілді. Әр мысалға егжей-тегжейлі тоқталып, этимологияға қатысты дәлелдер түркі тілдерінен дерекөзбен бірге берілді. Осылайша Абай қолданған көнерген сөздердің шығу тегі анықталып, мағыналары ашылды.

Түйін сөздер: Абай тілі, көнерген сөздер, түркі жазба ескерткіштері, қазіргі түркі тілдері, лексикология, этимология.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-132-3-86-97>

Түсті:30.06.20 / **Қайта түзетілді:** 13.08.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 09.09.20

Қазақ тіліндегі ескіліктерге қатысты, олардың шығу тегі, бастапқы мағынасы туралы көлемді мақалалар, зерттеулер жазылды, кітаптар, ғылыми еңбектер шықты. Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Қайдар, Ш. Сарыбаев, А. Махмұтов және т.б. ғалымдардың «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөнінен», «Кейбір фразалар төркіні», «Қазақ тіліндегі кейбір сөздердің этимологиясы», «Қазақ тілі этимологиясынан этюдтер; «Кейбір қос сөздердің этимологиясы», «К вопросу о монгольско-казахских языковых связях», «Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің басқа лексикалық топтармен байланысы», т.б. мақалалары құнды.

Р. Сыздық, А. Ысқақов, Ш. Сарыбаев, Ә. Қайдар «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966); А. Махмұтов «Архаизмы, историзмы в казахском языке» (1963); Р. Сыздықова «Сөздер сөйлейді» (1980); «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» (2009); Е. Жанпейісов «Мұхтар Әуезовтің Абай жолы эпопеясының тілі» (1976); «Этнокультурная лексика казахского языка» (1989); Ә. Қайдаров «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986.); Ә. Нұрмағамбетов «Сөз сырына саяхат» (1990). «Бес жүз бес сөз» (1994); Ж. Манкеева «Мәдени лексиканың ұлттық сипаты» (1997); А. Тымболова «Тұрақты тіркестер құрамындағы мағынасы күңгірттенген компоненттер» (1999); Б. Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» (2005); Б. Тоқанұлы «Қазақ тіліндегі көне сөздердің түсіндірме сөздігі» (2012); К. Қайыржан «Сөз сандық: қазақтың көне сөздері сөздігі» (2013); Г. Утемисова «Көнерген аталымдар сөйлейді» (2018), т.б. еңбектер жарық көрді. Бұл зерттеулерде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде және ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған мағынасы көмескіленген көнерген сөздердің мағынасы талданған, жорамал-пікірлер айтылған. Түркі-моңғол тілдері деректеріне сүйене отырып, біршама сөздің негізгі мәні ашылған.

Ғалым Р. Сыздық ескіліктер ауыз әдебиеті үлгілерінде, алуан түрлі поэзиялық-прозалық шығармаларда; қос сөздердің сыңарларында; тұрақты тіркестер құрамында; мақал-мәтелдер құрамында; жергілікті (аймақтық) сөздерде; XV-XIX ғасырларда жасап өткен ақын-жыраулардың тілінде кездеседі [1, 24 б.] деп жазғандай тілдегі ескіліктер мақал-мәтел, тұрақты тіркес, қос сөздерден бөлек XV-XVIII жыраулар поэзиясы мен XIX ғасырдағы ақындар тілінде де ұшырасады. Ал XIX ғасырдағы ақындар дегенде ең алдымен қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы еске түседі. Біз де бұл жұмыста, ұлы ақын Абай тілінде кездесетін кейбір ескіліктерді талдап көрсетеміз.

Абай шығармаларында ұшырасатын «көненің көздері» – архаизмдерді шартты түрде үш топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – бұл күнде қолданылмайтын ескіліктер, екіншісі – мағынасы түсінікті, бірақ қолданыстан шығып кеткен немесе шығып жатқан пассив сөздер, үшіншісі – қазірде де қолданылатын, бірақ өзгеше мағынаға ие болған элементтер. Бұл мақаламызда біз негізінен осы күнде қолданыла қоймайтын әрі мағынасы түсініксіз көнерген сөздерге тоқталамыз.

Біз талдайтын ескіліктер қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын, мағынасы түсініксіз немесе күңгірт тартқан, Абай тілінде сақталғанымен, жеке-дара қолданыла бермейтін сөздер. Көнерген сөз деп алып отырған сөздердің негізгі өлшемі – ол көне немесе орта ғасыр түрік жазба ескерткіштерінде қолданылған заты түркі атау болуға тиіс. Архаизмге айналған кірме сөздер зерттеу нысанымызға кірмейді, негізгі объектіміз – төл сөздер.

Абай тілінен *алқау* «мақтау», *әйләу* «істеу», *бірлән/білән* «мен/менен мағынасындағы шылау», *гүзәл* «әдемі, сұлу», *жақ* «садақ», *күсу* «безу, ренжу», *кібік* «сияқты», *үшбу* «мынау» тәрізді тандап алынған архаизмдерді көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері деректері негізінде талдаймыз.

1. **Алқа-** «мақтау, мадақтау, қолпаштау»:

Анттасып *алқайды*,

Сен тентек демеске.

Кім антын шайқайды,

Амал жоқ жемеске [2, 208 б.].

Абай қолданған *алқау* етістігі қазақ тіліндегі көнерген сөздердің бірі. Ол сонымен қатар *Алқатсаң алқат қызыңды, ақтар ол дәм-тұзыңды* деген мақалда сақталған [3, 72 б.].

Диалектологиялық сөздікте *алқа-* етістігінің Шығыс Қазақстан диалектілерінде сақталғаны туралы мәлімет бар [4, 56 б.].

Е. Жанпейісов Мұхтар Әуезовтің тілінде *алқа-* етістігінің қолданылатынын жазған болатын: Әжемнің *алқажаны* жетістіріп пе еді? Біреуді *алқан* қолтығына алып... [5, 151 б.].

А. Махмутов пен Р. Сыздықова өз еңбектерінде *алқа-* етістігін көнерген сөздер тізіміне кіргізген [6, 111 б.; 7, 139 б.].

Б. Қалиевтың сөздігінде *алқау* етістігі (ет. көне.) «құрметтеу, қошеметтеу, мақтау, мадақтау» деп түсіндіріліп, «Аласапыран» романынан мысал келтірілген: Жаса! Жаса! Жаса! Сұлтан атына *алқау* енді айыпкерлер үшін көтерме емес, желкелеу тәрізді (М. Мағауин, Аласапыран, 56) [8, 45 б.].

Алқа- етістігі түркі жазба ескерткіштерінде Орхон мұраларынан бастап көне дәуірлерден бері кең қолданылған, мысалы:

Орхон ескерткіштерінде *алқа-* «мақтау, мадақтау, жақсы тілекке болу» (КТ.53) [9, 38 б.].

Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде *алқа-* «мақтау» (Maitri.27-25); *өгүт-алқат* (қос сөз) «сол мағ.» (Man.I.26/24) [9, 382 б.].

Қарахан дәуірі мұраларынан Диуани лұғатит түркіте *алқа-* «мақтау» (DLT 145/126); Құтты білікте *алқа-* «қошеметтеу» (KB.5786).

Хорезм-Алтын Орда жазба жәдігерлерінен Қисасұл әнбияда *алқа* «мақтау, мадақтама, марапат, мақтаныш» (КЕ.142v9).

Алқау етістігі қазіргі түрік тілдерінен қырғыз және сібір тілдерінде ғана жұмсалады, мысалы:

Қырғыз т. *алқа*- «қадір тұту, қадірлеу» (КС 28).

Сары ұйғыр т. *алқас*- «тілектес болу, жақсылық қалау» [10, 14 б.]; алтай т. *алқа*- «тілектес болу, ақ тілегін білдіру; алғыс айту, рахмет айту» (АТС 24); хакас т. *алға*- «ақ тілегін білдіру, ақ батасын беру; алғыс, рахмет айту, сәттілік тілеу» (ХРС 22); тува т. *алға*- «мақтау, қошеметтеу, тілектес болу» [11, 73 б.].

Якут т. *алгаа*- «тілектес болу, ақ жарма тілегін білдіру, мақтау, мадақтау» (ЯРС 37).

Сонымен, көне және орта ғасыр ескерткіштерінде кең таралған, бірақ қазіргі түркі тілдерінен тек сібірдегі түркі тілдерінде кездесетін *алқау* етістігі қазақ тілінде белсенді жұмсалмаса да, Абай өлеңінде бір рет қолданылған.

2. Әйлә- «істеу, қылу, ету». Қазақ әдеби тілінде *не етейін, не қылайын* түрінде жұмсалатын сөз тіркесі Абай тілінде *не әйләйін* түрінде жұмсалды. *Әйләу* көмекші етістігі – ескі қазақ жазба тілінің элементі. Шағатай әдеби тіліне тән тұлғаны Абай өз өлеңдерінде қолданған:

Шын – Шикәр ләп есіме түскен сайын,

Сат – Сабырым қалмады мен *не әйләйін*.

Зат – Зайығ өмірім өтті менің бекер,

Тай – Талаптан, әйтеуір құр қалмайын [2, 60 б.]

Қазақ тілінде *қабыл айласын* «қабыл болсын», *рақым айласын* «рақым қылсын» тіркестерінде *айла-* түрінде сақталған болса, *зар илеу* тұрақты тіркесінде *иле-* боп өзгерген [12, 86 б.].

Әйлә- көмекші етістігі орта ғасыр жазба ескерткіштерінде кең қолданылған сөздердің бірі:

Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде *едле-* «бағалау» (АУ.552-16) [13, 123 б.].

Қарахан дәуірі құнды жәдігері Диуани лұғатит түрkte *едле-* «пайдалану, қолдану» (DLT 145/126).

Хорезм-Алтын Орда кезеңі мұраларынан Мұқадиметұл әдепте *ейле-* «жөндеу, ретке келтіру» (МЕ.64-1); Қисасұл әнбияда *ейле-* «істеу, қылу, ету» (КЕ.235r17).

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде *ейле-* «ету, қылу, істеу» (КК.24a/7; КІ.26; ТЗ.16a-3).

Шағатай жазба мұраларында *ейле-* «қылу, істеу» (Şiban.125b-6...; LD.629...).

Анадолы түрік жазбаларынан Деде Қоркут кітабында *ейле-* «жасау, істеу» (DКК.83-8...).

Қазіргі түрік тілдерінен бұл етістік оғыз тілдерінде белсенді қолданылады, ал қыпшақ тілдерінде болса, қазақ тіліндегідей тұрақты тіркестер құрамында ғана кездеседі:

Түрік т. *eyle-* «істеу, қылу, жасау» (ТС 840); әзербайжан т. *ейле-* «жасау, ету» (AzTS 405); түрікмен т. *eyle-* «қылу» (ТДС 798).

Ұйғыр т. *ейлемек* «жасау, орындау, істеу» (YUTS 119); өзбек т. *айламоқ* «істеу» (УТИЛ I 32).

Қарақалпақ т. *ейлеу*: *зар ейлеу* «қайғыру, зар еңіреу, зар қылу» (КкРС 280); татар т. *ейле-*: *диққат ейле-* «мүқият болу» (ТатРС 728); башқұрт т. *ейле-*: *қабул ейле-* «қабыл ету» (БТһ II 741); қарайым т. *ейля-* «істеу» (КРПС 656).

Тува т. *едиле-* «пайдалану, қолдану, іске жарату» [11, 151].

Моңғол т. *едлех-* «қолдану, пайдалану» (КМРС 324).

3. Бірлән/білән «мен/менен мағынасындағы шылау (*бірләннің* кейінірек мынан>менен>мен боп өзгергені белгілі):

1. Әуелі – не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы *бірлән* дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел – испат қыларға жарас, мұны якини иман десек керек. Екіншісі – кітаптан оқу *бірлән* яки молдалардан есту *бірлән* иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық біріктік керек (13-қара сөз).

2. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшы аяғың *білән* пышыратырға қойған идән түгіл, шық, сасы қазақ», – деп, үйінен қуып шығады (2-қара сөз).

Абай көне түркі әдеби тілінен жалғасып келе жатқан көне формалардың бірі *бірлән* шылауын қара сөздерінде 18 рет қолданған. Ал *білән* тұлғасын татарша сөйлемде бір рет берген. Ақында негізінен «менен» варианты жиі кездеседі.

Бірлән сөзіне қатысты қазақ зерттеушілері төмендегідей тұжырымдар жасаған:

Ғ. Мұсабаев қара сөздердегі *бірлән* сөзін кітаби тілдің элементі деп бағалаған [14, 212 б.].

Әбілқасымов XX ғасырға дейінгі қазақ жазбаларында «мен» жалғаулық шылауының орнына *бірлән* көне тұлғасының жиі жұмсалғандығын айтқан [15, 122 б.].

Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеушілер «мен» көмектес жалғауының мағынасында XX ғасырдың басындағы прозалық шығармалар тілінде кейде *бірлән* енді кейде *илән* шылауларының қатар жұмсалғандығын жазады [16, 123 б.].

Негізінен *бірлән* «бірге» мағынасындағы сөз кейінірек «мен/менен» деген шылау мәніне ие болған. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *бірлән/бірле* түрінде жұмсалып, қазіргі қазақ тіліне «мен» түріне дейін өзгеріп жеткен. Мысалы: *бірлән>білән>мілән>мелен>менен>мен*. Сонда *бірлән* – «мен» шылауының ең көне формасы.

Бірлән/білән сөзі көне және орта ғасыр жазба ескерткіштерінде кең қолданылған:

Орхон мұраларынан Күлтегін ескерткішінде *бирле* «бірге» (KT.G.4...).

Көне ұйғыр жазулы ескерткіштерінде *бирле/бирлен/биле/билен* «менен, бірге, екеуіміз бірге» деген көп вариантта жұмсалған (EUTS 44; ДТС 105).

Диуани лұғатит түрkte *бирле* «менен, мен, бірге» деген формасы ғана бар (DLT 36/23...): *Аллар бирле урушма, беглер бирле турушма* «Алыптармен ұрыспа (жекпе-жекке шықпа, соғыспа), бектермен тұрыспа» (DLT.I.182)

Құтты білікте *бирле* «менен, мен» (KB.1...).

Хорезм-Алтын Орда дәуірі жазба жәдігерлерінде *бирле/бирлен* «сол мағ.» (ME 3-7...; KE.1v3...).

Қыпшақ жазба мұрасы Кодекс куманикуста *бирле* (KipTS 32).

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде *бирле/бирлен* (TZ.83.a-6.).

Шағатай жазбаларында *биле/билен* (Şiban.4b-11...).

Анадолы түрік жәдігерлерінде *бирле* (TS I 599).

Қазіргі түрік тілдеріне келсек, қазақ тіліне ең жақын деп саналатын қырғыз, қарақалпақ, ноғайда кездеспейді. Қыпшақ тілдерінен татар, құмық және қарайымшада қолданылады:

Татар т. *бірлән/білән* «менен, мен, бірге» [17, 57 б.].

Алыста жирден күрүнедір,

Ақ Иділнің ақ ташы,

Қайда барып, қайда йүрмий,

Ир баш-қайы *білән* ат башы «Алыс жерден көрінер, ақ Еділдің ақ тасы, қайда барып, қайда жүрмес, ер басы мен ат басы».

Құмық т. *булан* «мен, менен»; *булан-бірле* «бірге» (KumTS 82); қарайым т. *биян/билен* «мен, менен» (КРПС 119).

Өзбек т. *бирлә/бирлән* «менен, мен» (УТИЛ I 119); ұйғыр тілінің диалектілерінде *бирле* «бірге, менен» [18, 100 б.]; *билен* «мен, менен» (YUTS 41).

Түрік тілінің диалектілерінде *birle* «кезде, сәтте, мезетте» (DS II 702); *bile* (esk.) «бірге» (TS 335); әзербайжан тілінің говорларында *биле* «бірге» (ЭСТЯ II 141); түрікмен т. *билен* «мен, менен»; *биле* «бірге» (ТДС 68).

Алтай т. *пиле/пулең* «мен, менен» (ЭСТЯ II 140); сары ұйғыр т. *пли* [10, 92 б.]; тува т. *биле* [11, 95 б.]; хакас т. *мынаң* (ХРС 111).

4. Гүзәл «әдемі, сұлу»:

1. Йүзі рәушан, көзі гәуһәр

Лағил дек бет үші әхмәр,

Тамағи қардан әм биһтар

Қашың, күдрәт коли шигә.

Өзәң *гүзәлләра* раһбар,

Сәңә ғашик болып кәмтар [2, 58 б.].

2. Адам баласын құрт, құс өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл *гүзәл* сипатты беріп, екі аяққа бастырып, басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып... жаратпақтығы махаббат емес пе? (38-қара сөз).

Гүзәл шағатай жазба ескерткіштеріне тән түбі түркі сөзі. Қазақ әдеби тілінде мүлдем қолданылмайды. Абай өзінің кейбір өлеңдері мен қара сөздерін ескі қазақ жазба тілінде (шағатайша) жазғаны белгілі. Жоғарыдағы өлең мен қара сөзін сол үлгіде жазғандықтан, *гүзәл* деген оғыз және қарлұқ тілдеріне тән сөзін пайдаланған.

Гүзәл сөзі оғыз, қарлұқ тілдері мен кейбір (оғыздарға жақын) қыпшақ тілдерінде қолданылады:

Түрік т. *güzel* «сұлу, әдемі; жақсы, тамаша» (ТҚС 236); түрікмен т. *гөзел* «әдемі» (ТДС 302); әзербайжан т. *көзал* «жақсы, тамаша; сұлу» (АзРС 185).

Қырғыз т. *көзөл* «лайықты, мақтауға лайық; мықты, абадан» (КиргРС I 431); ноғай т. *көзел* «сүйкімді, әдемі; сүйікті»: *Көзел көзел туыл, кимди йанын сүйсе сол көзел ди* «Сұлу сұлу бол, бірақ жаның кімді сүйсе сол сұлу» (НРС 177);

Татар әдеби тілінде бұл сөз жоқ, алайда ауыз әдебиеті жырларында сирек болса да кездеседі:

Уйсу йирге қар жауа,

Ниге жаумый үзенге.

Күзі түбен күңлі сүрен,

Нерсе булду *гүзелге* «Ойыс жерге қар жауат, неге жаумайт өзенге. Көзі төмен көңлі түскен, не боп қалды *гүзелге*» [19, 91 б.].

Құмық т. *гөзел* «керемет, тамаша, жақсы; сұлу, көрікті, әдемі» (КумРС 82); қарайым т. *гөзал* «әдемі» (КРПС 161).

Ұйғыр т. *гөзал* «сұлу» (YUTS 135); өзбек т. *гөзал* «асқан сұлу» (УТИЛ I 201).

5. Жақ «садақ, жай»:

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген *жақ*,

Иілтіп, екі басын ұстаған хақ.

Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,

Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ (Абай 227).

Біз бұл өлең шумағындағы *жақ* сөзін «садақ» деп тауып, «садақ, жай» деген анықтама бердік. Бірақ Абай тілі сөздігінде бұндағы *жақ* сөзі «адам немесе жануардың жақ мүшесі» дегенмен байланысты берілген. Сөздікті құраушылар «Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген (иілген) жақ» деген өлең жолындағы *жақ*-ты «садақ» мағынасындағы *жақ* сөзі деп ойламаған болса керек.

Жақ сөзі «садақ» мағынасында қазіргі қаламгерлер шығармаларында да қолданылады:

«Мұндай *жақты* тарту үшін көп күш керек, – деді Ораз-Мұхамед». «Мұндайда сауыт-сайман атқа бөктеріліп, жақ, қорамсақ, шоқпар сияқты артық-ауыс қару ердің алғы, артқы қасына, қанжығаға байланады (М. Мағ. 40, 55).

Жақ көнерген сөзі мақал-мәтелдерде де сақталған:

Жалғыздың жағы жоғалса да табылмайды, көптің оғы жоғалса да табылады (БС 68, 154) [3, 33 б.].

Жақ тарту «соғысу, жаугершілік жүргізу, жауды өлтіру, садақ тарту»:

Қасарысқан жауыма,

Қан кешуде жақ тартсам,

Арнап айтар айым сол,

Сиынып тартар жаным сол (Қарақыпшақ Қобыланды) [5, 155 б.].

Жақ сөзі көне түркі жазба ескерткіштерінде көбіне *йа* формасында кездеседі:

Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде *йа* «садақ, жай»; *алтун йа* «алтын садақ» (Oguz.36/316); *йа кур-* «садақ тарту» (ДТС 221).

Қарахан дәуірі жәдігерлерінде *йа* «садақ» (DLT 143/124; KB.371).

Хорезм-Алтын Орда жазба мұраларында *йа* «садақ; мерген (жұлдыз жорамалдағы «мерген» белгісі)» (ME.18-3; KE.66v5).

Қыпшақ ескерткіші Кодекс куманикуста *йа/йаа* «садақ» (CC.65b/12).

Мәмлүк қыпшақ жазбаларында *йай/йа* «садақ» (TZ.29b.1); *йайчы* «садақшы, мерген» (KK.62b/11).

Шағатай дәуірі мұраларында *йа/йай* «садақ» (ŞibanH.189a-7); *йайы* «жай, жақ, садақ» (Поппе 1938: 563).

Анадолы түрік жазба ескерткіштерінде *йа/йай* «садақ» (DKK.110-9; Sühey1.29-3).

Қазіргі түрік тілдерінде *йай* тұлғасында кең таралған:

Қырғыз т. *жаа* «садақ» (KS 158); карақалпақ т. *жай* (КкРС 211); *оқ-жай* «садақ пен оқ» (КкРС 490); ноғай т. *йай* (НРС 457); татар т. *жәйә* (Öner 2009: 53); башқұрт т. *йәйә* (BTS 725); *йан* (БРС 840); қарашай-балкар т. *жайа* (KBTS 145); құмық т. *жайа* (KumTS 68); қарайым т. *йаа/йа/йайа* (КРПС 218).

Өзбек т. *йой* «садақ» (УТИЛ 67); ұйғыр т. *йа* «жай, садақ» (YUTS 454); ұйғыр тілінің диалектілерінде *оқ-йа* (қос сөз) «садақ, садақ пен жебе» [18, 114 б.].

Түрік т. *уау (йай)* «садақ» (TS 2553); әзербайжан т. *уау (йай)* «садақ» (AzTS 1234); *уау оқ* «садақ пен оқ» (ЕСТЯ IV 75); түрікмен т. *йаай* «садақ» (ТДС 838); гагауз т. *йай/йайы* «садақ» (ГРМС 209).

Сары ұйғыр т. *йа* «садақ, садақ оғы»; *оқ йа* «садақ пен жебе» [10, 33]; алтай т. *жаа* «садақ, жебе» (ATS 47); телеуіт диалект. *д'аа* «садақ, жай» (TelAS 19); тува т. *ча* «садақ» [11, 104 б.]; хакас т. *чаажах* «садақ; жебе; садақ пен жебе» (HTS 71); сағай және қойбал диалект. *чаг* «садақ пен оқ» (Радлов III 1842).

Якут т. *ох саа* «оқ пен жай» (ЯРС 304); чуваш т. *су* «садақ»; *уксу/оқсу* «оқ пен садақ» [20, 129 б.].

6. Күсу «ренжу, өкпелеу, налу; безу, жеккөру; түңілу, жалығу»:

Қазақ тілінде қолданыла бермейтін *күсу* егістігін Абай өз өлендерінде бірнеше рет қолданған:

1. Соры қалың, соққы жеген пышанамыз

Қайтып суып, жалғаннан *күсе аламыз*.

Құр дәрімен атқанға өлмейді екен,

Өмірі мақтаншаққа нысанамыз [2, 269 б.].

2. Ой, дәурен өмір емес, бір керген түс,

Ойға тойма, қызықты *қиялдан күс*

Қарашы, өз бойыңа түгел ме екен,

Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш? [2, 291 б.].

3. Айла менен амалды

Меруерттей тізіппін.

Жалмауыздай жалаңдап,

Ар, ұяттан күсіппін [2, 302 б.].

4. Мен-дағы жүргенім жоқ малдан күсіп

Айттым, балам, басыңа мейрім түсіп

Ер Әзім тәуекел қып жаннан күсіп.

Арқаннан ұстады да, кетті түсіп [2, 324 б.].

Күсу етістігі оғыз тілдеріне тән сөздердің бірі. Оның қолданыс аясын түрік жазба ескерткіштері мен тілдерінен көреміз. Тіпті, Қарахан дәуірі ғұлама ғалымы, түркі тілдері сөздігін жасаушы Махмұд Қашқари Диуани лұғатит түрк атты еңбегінде күсу етістігін оғыздікі деп атап көрсетеді: күс- «оғыздарда өкпелеу, ренжу; ренішті білдіру; безу, сырт айналу» (DLT 269/236).

Хорезм-Алтын Орда дәуірі жазба жәдігерлерінен Ибн Мүхенна лұғатында күс- «өкпелеу» (IML.94A.2).

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде күс- «ренжу, өкпелеу; ашулану» (КірTS 169); [22, 152 б.].

Анадолы түрік жазбаларынан Деде Қорқут кітабында күс- «ренжу» (DKK.238-9).

Бұл етістік қазіргі түркі тілдерінен оғыз тілдерінде белсенді жұмсалады. Қыпшақ тілдерінен тек оғызға жақын (сол тілдердің әсері айтарлықтай байқалатын қыпшақ тілдерінде) қырым татар, құмық, қарайымшада кездеседі:

Түрік т. *küs*- «өкпелеу, ренжу, налу» (ТҚС 360); гагауз т. күс- «сол мағ.» (ГРМС 303); азербайжан т. күс- «сол мағ.» (АзРС 176).

Құмық т. күс- «жек көру, жақтырмау, ұнатпау» (КумTS 186); қырым татар т. күс- «жалығу, шаршау, іші пысу» (КТРС 412); қарайым т. күс- «ренжу, өкпелеу; безу, жырақ кету» (КРПС 354).

7. **Кібік** «сияқты, секілді»:

Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады. «һай-һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін жәһил түгіл *жәһилләр кібік* талап болса, қайда қақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм ғибраттанасың. Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген нысап, құры өзімшілдік һәрбір өзімшілдік – әрбір адамды бұзатын фиғыл (38-қара сөз).

Абай өз шығармаларында қазіргі әдеби тілімізде актив «секілді» шылауын көп қолданған. «Сияқты» шылауын бір-ақ рет пайдаланған. Ақын тілінде *сықылды* формасы да біраз кездеседі. Ал ескі қазақ жазба тілінде жазылған 38-қара сөзінде болса, оғыз тілдеріне тән *кібік* формасын бір рет қана жұмсаған.

Әбілқасымов XVIII-XIX ғасыр кеңсе қағаздары тіліндегі лексикалық ерекшеліктің бірі қазақ тіліндегі «сияқты» сөзі *кібік* түрінде оғыз тілдеріндегіше берілуі деп айтады: *дос кібік* «дос сияқты» т.б. [23, 19 б.].

Кібік шылауының «форма, қалып, түр» мағынасындағы *кеп* сөзінен келгені жазылады (ЭСТЯ V 16).

Кібік шылауы түрік жазба ескерткіштерінде көне дәуірлерден бері түрлі формада қолданылып келеді:

Диуани лұғатит түрkte *кипи* «оғыздарда «сияқты» (DLT 243/211...).

Хорезм-Алтын Орда жазба жәдігерлерінде *кәби* «сияқты» [24, 168 б.].

Қыпшақ жазба ескерткіші Кодекс куманикуста *киби* «секілді» (КірTS 147).

Мәмлүк қыпшақ жазбаларында *киби/кеби* «сияқты» (КірTS 147); Мәмлүк қыпшақ ескерткіші Әл кәуәнинүл күллиеде *кибик* «секілді» (КК.32b11...).

Шағатай дәуірі ескерткіші Лүтфи диуанында *киби* «сияқты» (LD.1...).

Анадолы түрік жазба мұраларында *киби/гиби/гибиже/гивин* «сияқты» (YeniTS 93; DKK.9-3...).

Кібік қазіргі түрік тілдерінен татар мен башқұртта актив қолданылады, соған қарап Абайдағы бұл форма татардікі болса керек:

Башқұрт т. *кіби* «сияқты» (BTS 270); башқұрт ауыз әдебиеті үлгілерінде *кiвiк* «сол мағ.»:

Кис булдымы, тауыш басылдымы

Мин кімділер көтем. Был ниме?

Кімдір киліп ишік шақыр *кiвiк*

Киліп инір *кiвiк* бұлмеме «Кеш болды ма, дауыс басылды ма? Мен біреуді күтем, бұл неме? Бірі келіп есік қағардай ма? Келіп кірердей ме бөлмеме» (BTS 273).

Татар т. *кiбiк/күк* «сияқты, секілді, сықылды» (ТатРС 162, 217):

Ал-жапқышы ал ми елле,

Алдында алма бар ми елле,

Сандуғач *кiбiк* сайрыйсың,

Аузында қуш бар мы елле «Алжапқышы ал ма/Алдында алма бар ма/Сандуғаштай сайрайсың/Аузында құс бар ма».

Алт ат жиктім падерт илттім,

Казанский кантурға,

Малым түгүл жаным фида,

Сізнің *кiбiк* матурға «Алты ат жектім, конверт жібердім/Казанский канторға/Малым түгіл, жаным пида/Сіз сияқты сұлуға».

Қырым татарлары т. *киби* «сияқты» (КТРС 405); құмық т. *йимик* «сияқты, секілді» (KumTS 397).

Түрік т. *gibi* «сияқты» (ТҚС 222); әзербайжан т. *кими* «сияқты» (Радлов II 1404).

8. Үшбу «бұл, осы»:

Қазақ әдеби тілінде «осы» түрінде жұмсалатын есімдікті Абай өз аудармасында *үшбу* формасында қолданған:

Үшбу хиял келсе басқа,

Сен жүдер деп мен үшін,

Болар еді қайнамасқа,

Мыс қазандай сорлы ішім [2, 354 б.].

